


АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ – 150



Үрпакқа үлгі үлағат

Қарал отырсаныз, үлп ғұлдама қайраткердің саналы өмірінің көп болігі толық жатқан курсстермен, қынышылыхтармен өткен. Міне, соған қарамастан, А. Байтұрсынұлының ештеге моямай, тұған жұрты үшін тоқтаусыз енбек етуі таңғалдырады. Оған дәлел – колы қалт етсе, үнемі оқып-ізденіп, көркем әдебиетпен, тілтану және әдебиеттану ғылымымен шүғылданып отырган. Басына іс түсіп жүрсе де, «Қырық мысал», «Маса», «Ер Сайын», «Әдебиет танытқыш» секілді кітаптарды жазып, дайындаумен болды. Алдыңғы екі кітапта орыс қаламгерлерінен аударған шығармалары да бар. Қазақ тіл білімін алғаш қалыптастыруыш ретіндегі енбектерінің езі бір тәбебе.

Араб графикасын қазақ тілінде қолдану үшін төтө жазуды енгізген ғұлдама бабамыз 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодактық 1 съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайль» деген такырыпта баяндама оқиды. Халық агарту саласында жасаган енбектері – «Оку куралы», «Тіл куралы», ересектердің сауатын ашуга арнап «Әліпби», «Жана әліпби» атты оқулыктар.

«Қырық мысал» (1909 жылы, Петербург), «Маса» (1911 жылы, Орынбор) атты кітаптарының мазмұнына қарал отырсақ, «Қырық мысал» жинағына енгіз дүниелерінің басым болігі ба-

екендігі айқын. «...Бір күн ойнайын деп бардым. Эбіш кітап оқып отыр екен. Тыңдасам, кітабында жумбак, макал, елең, басқа да жақсы сездер көп екен. Оку үйренсем, мен де сондай оқыр едім деп, ойға қалдым. Үйге қайтып келдім. Окуга барамын дедім. Әкем мен апам бұл ойымды ұннты. Ертеңінә экем мәні окуга апарып берді» деген баяндаулар кіші жастағы баланың ұфымына сай. Мұнымен танысқан қаранды ортадағы жасөреннің де окуға деген ынтасты оянатыны анық.

Езу тартқызатын шагын әңгімелердің өзінде оқырманды тапқырлыққа, логикалық ойлануға баулиды. Қазақ анекdot сынды мысалдың бірі «Үлеске ұсталық» деген әңгімесін алайық. Мұнда екі сарт пен бір қазақтың атып алған құстарын қалай бөлісіп алғаны баяндалған. Екі сарт акылдастып келіп, билікті қазаққа берген екен. Сол-ақ екен, қазақ дереу іске кіріспін кетіпті. «Бисмилла, безгелдек!» деп, безгелдекті алып жанына, «Былай жатсын дуадак» деп, дуадакты бір жағына, «Сыбагама – коңыр қаз» деп, өзінің алдына қойды дейді. Сөздің қысқасы, осылайша атап-атап келіп, атылған құстардың кебін езі алып, екі сартқа бір-ақ үйрек беріпті.

Әрине, шынайы өмірде пысықтығымен та-нымал болған сарттардың қырда көшін-конып жүрген аңқау қазаққа алдана қоюы екіталай. Автор бул арада кайрау мақсатымен қазақты әдей-

жинағына енген дүниелерінің өсім өфлігі оа-
лаар мен жасесіпірімдер түсінігіне жақын.

Білім мен ғылымды қөркем сөз арқылы алкалап,
насихаттауға арналған бұл жинақ өз кезінде
жақсы танымал болған.

Бажайлап қараган жағдайда А.Байтұрсын-
ұлының «Қырық мысал» кітабындағы шығарма-
лардың көп белгілі аудармадан тұратынын анға-
руға болады. Бұл жөнінде автордың өзі:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,

Әзірге қолдан келген осы барым, – (Байтұр-
сынұлы А. 61-б.) деп түсіндірген. Қыска шығар-
маларының біразы таныс сюжеттерді негізге ала
отырып жазылған. Бірақ А.Байтұрсынұлы кез
келген сюжетті ала бермей, тағыымдық-тәлімдік
жағына баса мән беретіні байқалады.

Көп мысалдың сюжеттік қаңқасы И.Кры-
ловтікі болғанымен, олардың жалпы рухани
ұстанымына қарасаңыз, казаки түсініктен онша
алыс емес. Осындағы дәлелдерден келіп, кейбір
зерттеушілер А.Байтұрсынұлының қазак әдебие-
тіндегі жазбаша мысал жаңырын дамытушы ретінде
танысада деген пікір айтады.

Бұл мәселеңін академик С.Кирабаев мынандай
қарапайым тілмен талдаған береді: «Сондыктан да
ол аудармаларын мектеп бағдарламасымен шек-
темей, қалың қазакша арнайды, қарандылық пен
еңгіге қарсы күресуге, елді білім, ғылым жолы-
на үтіттеге пайдаланады. «Қырық мысалдың»
ел ішіне кең тараған, Ахметтің атын да шығаруға
себеп болғаны осыдан. «Қырық мысал» әдебиет
тарихына жай қатардағы аудармалардың бірі
ғана емес, жаңа мағынадағы салмақты, салиқалы
ойымен, жарқын қөркем бейнелерімен тың еңбек
болып кірді».

Персонаждардың қарым-қатынасындағы
психологиялық-әлеуметтік түткілдер қазаки
ұғыммен бейнеленеді. Кей мысалдарда кездесіп
қалатын жылқы, қасқыр, қозы, қымыз, кой және
т.б. детальдар – орыс ұғымына жуыса қоймайтын
таза қазаки атрибуттар. Автордың кейде, тіпті
қазақша мақал-мәтілдерді де еш өзгерпестен, сол
қалып қолданып жіберетін тұстары да жоқ емес.
Ендеше бұлардың қазақтың төл шығармалары
ретінде танылғаны қисынды.

«Маса» жинағындағы «Окуға шақыру» өле-
нінің мазмұны таза дидактикалық сипатта.

«Балалар! Окуға бар! Жатпа қарал!

Жұнынып, кініңдер шашанырақ.

Шақырды тауық мана элдекашан,

Қарал түр терезеден күн жылтыраң». (11-б.):

Қалай болған күнде де А.Байтұрсынұлының
«Маса» атты жинағы балалар әдебиеті талапта-
рын толық қанағаттандыра алмаса да, ішінара
үтіг сездерімен назар аударады. Оған енгізілген
мысалдардың жас баланы ойландыруға, жа-
маннан жириеніп, жақсыдан үйренуге баулитын
насихаттық ұстанымы айқын. Ондай туын-
дыларының атын атап, түсін түстесек, алдымен
ауызға ілтігіні – «Ат», «Балыкшы мен балық»,
«Алтын өтеш», «Каздар», «Есек пен укі» және
тегінің атты атап, түсін түстесек, алдымен

ауызға ілтігіні – «Ат», «Балыкшы мен балық»,
«Алтын өтеш», «Каздар», «Есек пен укі» және
тегінің атты атап, түсін түстесек, алдымен

Автор буд арада қайрау мақсатымен қазактың әдебі-
еті тірі етіп көрсеткен сиякты.

Қазақта «Сезікті секірер» деген мақалдың
бары белгілі. Осы ойдың тубі қайдан шыққанын
А.Байтұрсынұлы «Бақсы» деген әңгімесінде баян-
дайды. Оның мазмұны еске салсақ, бір қазактың
акшасы ұрланады да, ауыл адамдары бақсыны
шашырады. Бақсы жиналғандардың аяқ киімін
шештіреді де: «Мен жынымды шашырамын. Ол
жылан болып келіп, ақшаны алған үрінің аяғын
шашады» деп ескертеді. Соңан қобызын тартып, сар-
нап отырады да, кенеттен: «Ал, шашты!» деп, шар
ете қалады. Сол-ақ екен, манадан бері күтіп отыр-
ған адамдардың бірі тұрган орнынан секіріп кетіпти.
Сейтіп, бәрі үріні осылай тауып алышты. «Сезік-
ті секірер» деген мақал осыдан қалған көрінеді.

А.Байтұрсынұлының жоғарыда айтылған-
дардан басқа «Екі балықшы», «Талас», «Енши
үлесү», «Ата насиҳаты», «Ақылды сокыр» әңгімелері
қысқа жазылғанымен, белгілі бір философия-
лық ойға негізделген. Ен басты түйіні – үлкеніді
де, кішіні де тапкырлыққа, енбеккорлыққа баулу.

Ал «Карға мен құмырша», «Жібек құрты»,
«Жібек құрты мен өрмекші», «Балыкшы мен ба-
лық», «Серке мен тұлқі», «Торғай мен қарлығаш»
тәрізді мысалдары ұғымға женіл болып келгенімен,
айтар ойларының салмактылығымен тағылымды.

Өз кезінде әлі қарандылық бұлты сейіле алмай
жатқан кезде қоғамдық санаға әсер етіп, білімнің
жылт еткізіп сәулесін шашқан кітаптардың бірі –
Ахмет Байтұрсынұлының Телжан Шонанұлымен
бірігіп жазған «Бастауышка арналған оқу кітабы»
атты енбегі. 1928 жылы жарық көрғен осынау
құнарлы оқу құралы негізінен 3-4-сынып
окушыларына арналған екен. Мұнда да автор-
лардың окушылардың ұғымымен, дайындығымен
санасатын тұстарын аңғару қын емес.

Содан бері тоқсан жылдан астам уақыт етсе де,
аталған кітаптың құны ескірді деуге болмайды.
Өйткені аталған кітапта жинақталған білім көздері,
окушы балаға ұсынылатын түрлі ақпараттар бу-
гінгі күн талабынан тым алыс жатқан жоқ. Кітап-
тағы «Жандықтардың жер жүзіне таралуы»,
«Алғашқы адамдар», «Ертедегі қазак тұрмысы»,
«Төрт тұлік», «Құстар», «Өсімдіктің таралуы»
және «Құрылыштар» дәп аталатын тақырыптарға
үнілсек, сонда келтірілген мәліметтердің әлі де
бағалы екендігін байқар едік.

Яғни уақыт талабына бүтін де жауап беретін-
діктен, бұл материалдардың мағыналық құны
мұлде көнеріп кетті деп айта алмасақ керек. Бу-
гінгі танда оған тарихтан қалған жай экспонат ре-
тіндеған емес, әлі де көдеге аса алатын мүмкін-
дігі бар асыл мұра ретінде қаралғанымыз аздал.

Агартушы ұлы өкімшістің қазақ балалар
әдебиетін дамытуға да қосқан үлесі бар екендігін
біреу білсе, біреу біле бермейтіндіктен, осы
шагын мәліметтерді ұсынууды жөн көрдік.

Нұрдаulet АҚЫШ,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері,
Филология ғылымдарының докторы